

# ESKENDIR



## Алғысөз

Қолыңыздағы бұл комикс – қазақ әдебиетінің ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының «Ескендір» поэмасы негізінде жасалған көркем туынды. Шығармада адам бойындағы ашкөздік, билікке құмарлық пен нәпсі мәселелері терең философиялық тұрғыда суреттеледі.

«Ескендір» поэмасы арқылы оқырман әлемді жаулап алуды мақсат еткен Ескендірдің тағдырымен танысады. Ақын бұл туындысында адамға байлық пен күш емес, қанағат пен адамгершілік қасиет керек екенін көркем түрде жеткізеді.

Комикс форматында біз поэманың тәрбиелік мәнін, кейіпкерлердің ішкі болмысын және оқиғадағы терең ойды заманауи көркем тілмен ұсынуды мақсат еттік. Иллюстрациялар арқылы оқырман тарихи оқиғаларды бейнелі түрде қабылдап, шығарманың астарлы мағынасын тереңірек сезіне алады.

Бұл комикс оқырманды қанағат, әділдік, парасат пен рухани құндылықтарды бағалауға үндейді.

***Ізгі тілекпен,  
Комикс құрастырушысы  
Досымхан Нұрсәуле Дәулетханқызы***




Баяғыда Ескендір деген бір патша болған. Ол Македонияда тұрған, әкесі – Филипп патша, мінезі мақтаншақ, қызғаншақ адам екен. Филипп қайтыс болған соң, Ескендір 21 жасында патша болады. Бірақ өз елі оған аз көрініп, басқа елдерге көз тіккен.



Патшаның  
патшасы

Ханның  
ханы

Ескендір бір елді алса, сонымен тоқтамайтын. Ол ешбір хандықты қалдырмай, бәрін жаулап алды. Бірақ алған сайын көңілі тоймай, ашкөздігі күшейе берді. Ақыры бүкіл жер жүзін жаулап алуды армандай бастады.



Мен жеңбеген ел қалмасын. Бүкіл әлем менің бұйрығымды тыңдауы керек. Тек сол кезде ғана менің атым өлмейді, даңқым мәңгі қалады!

Біраз жыл өтті. Ескендір көптеген елдерді бағындырды, бірақ сонда да тоқтамады. Оның ашкөздігі арта түсті. Жердің көп бөлігін алғанымен, көңілі әлі де тыныш емес еді. Енді ол бүкіл жер жүзін иемденгісі келді.



Мына күнге не болды? Суымыз да таусылды

Көп жүріп, бір кезде елсіз, қуаң шөлге тап болды. Қасындағылар алып шыққан суды таусып қойды. Адам да, жануар да шөлдеп, әлсірей бастады. Қатты қиналып, Ескендір ашуға булықты. Ол енді шөлге шыдай алмаған сарбаздарын жазаламақ болды. Аттар да шаршады, Ескендірдің өзі аттың жалынан ұстап, әзер келе жатты.



Сусыз өліп барамыз



Бұл неткен су?  
Бәрің де ішіп, бұл  
суға бетінді жу!


Бұл суды бойлап жоғары  
өрлеңдер, судың көзін  
табыңдар! Ол елді де  
алыңдар!




Сарбаздар бұйрыққа бағынып, суды бойлай жүріп отырады. Ақыры олар биік таудың шатқалына тап болады. Шатқалдың аузын алтын қорған бекітіп тұр екен. Бірақ қорғанның қақпасы мықты, ешкім аша алмайды. Ескендір өзі де келіп, бар күшімен тартқылайды, бірақ ашуға болмайды. Сонда барып ол алғаш рет тоқтауға мәжбүр болады. Қанша тырысса да, бұл жолы күші жетпейді.




Қақпаны аш!




Қақпаны саған ашар  
рұқсат жоқ,  
Бұл - құдайға бастайтын  
қақпа



Білмесең, мен Ескендір патша деген,  
Жер жүзінің соғыста бәрін жеңген.  
Қақпанды аш, хабарыңды айт, білдір маған,  
Қорлығым өзім тауып, көз көрмеген.




Мықтымын деп мақтанба, ақыл білсең,  
Мықты болсаң, өзіңнің нәпсіңді жең!  
Іші тар, көре алмастың біреуі - сен,  
Ондай кісі бұл жерге келмейді тең.



Сыйым - осы, падиша, мынаны ал!  
Ішінде бір нәрсе бар ақыл берер,  
Апар дағы ойланып, көзіңді сал!

Ескендір оны қуанып қабыл алып, елге сый ретінде алып келеді. Ашып қараса – ішінде бір қу сүйек қана бар. Бәрі аң-таң болады. Ескендір қатты ашуланды.



Мынаның маған не қатысы  
бар?! Бұл – мазақ па?




Осы сүйекті ештеңе жеңе алмай тұр. Оны басатын бір зат бар ма?


Таразының бір жағына сүйекті салып, екінші жағына қанша алтын, күміс салса да, сүйек басым түсіп тұра береді. Тіпті Ескендір бар байлығын қоса салса да, сүйек ауырлығынан бас тартып кетпейді.



Бұл сүйек — адам көзі. Адамның көзі дүние мен байлыққа ешқашан тоймайды. Оның ашкөздігі шексіз. Бірақ адам өлгенде ғана, көзіне топырақ түскенде ғана, сол ашкөздік тоқтайды. Сол кезде ғана бәрі бітеді.



Ашуланба, патшам. Мен саған  
ақиқатты айтқым келеді. Алтын қақпа  
неге ашылмады? Себебі сен өз  
тойымсыздығыңмен өзіңе жол жаптың.  
Сыйлық ретінде берілген қу сүйек —  
нағыз өмірлік гибрат. Осыдан сабақ  
ал!



Бұл менің менмендігімнің,  
ашкөздігімнің жазасы болды.  
Құдайым осыны көрсету  
арқылы мені тоқтатты